



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ



Факультет 1965 жылы құрылған.

Зерттеудің негізгі бағыттары - энергия ресурстарын үнемдейтін, энерготімді және нанотехнологиямен энергияның қайтадан жаңартатын көздері саласындағы әзірлемелер.

Факультеттегі ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы әр жылдары ауылшаруашылығының электрмен жабдықталу сенімділігіне, 0,4 кВ желілерінде симметриялы емес режимдерден және 10-110 кВ желілерінде апаттық режимдерден қорғау құрылғысын әзірлеу, энергоүнемдеу, энергияның қайта жаңартатын көздерін қолдану және энергожабдықтаудың, энергияның қайта жаңартатын көздерін қолданатын шағын қазанның энерготімділігін арттыру, нейтралды өткізгіш сыммен жұлдызша орамасы ретінде қосылған кестемен 6-10/0,4 кВ трансформаторларды тұтыну сипаттамасын жақсарту.

Жетістіктері. Факультет ашылғаннан бері оның қызметкерлері 5 докторлық және 15 кандидаттық диссертация қорғады, өнертабыстары үшін 70 астам авторлық куәлік алынды, 40 астам электрондық әдістемелік оқу құралдары әзірленді. Соңғы 10 жылда 4 монография, 14 оқулық, 115 оқу құралы, 132 әдістемелік нұсқаулар мен есептік бағдарламалар шығарылды.

Ғылыми әлеуеті: 9 ғылым докторы, 22 ғылым кандидаты және 3 магистр.

Көп жылдық зерттеулердің нәтижесінде факультет ғалымдары төмендегілерді әзірледі:

- таратушы желілерді қорғау және автоматтандыру құрылғысы;
- желілердің зақымданған орнын анықтауға арналған құрылғы; олардың әрекеті метрикалық желі режимін талдауға негізделген;
- қаланың ЖЭО қалдықтарынан жылуды оқшаулайтын құрылыс кірпіштері;
- композициялық материалдар негізінде жылытқыш элементтері;
- жалпы өнеркәсіптік механизмдердің автоматтандырылған электржетегінің типтік технологиялық үдерістерін автоматтандыру.

Факультет қызметкерлерінің осы зерттеулері негізінде 25 авторлық куәлік алынды, ал олардың әзірлемелері өндіріске енгізілді.

Ғалымдар үлкен нәтижелерге агроөнеркәсіптік механизмдердің автоматтандырылған электржетегінің типтік технологиялық үдерістерін автоматтандыру саласында қол жеткізді.

Осы жұмыстардың негізгі әзірлемелері Жезказғандық таулы-байыту комбинатында, Магнитогорск қаласында, «ҚазТрансОйл» кәсіпорындарында қолданылды.

Қазіргі уақытта факультет ғалымдары нанотехнология, гидравликалық жүйелер, жылу сорғыш құрылғылары саласында ғылыми бағыттарды дамытуда.

2012-2014 жылдары келесідей ғылыми зерттеулер жүзеге асырылуда:

- керамикалық сүзгіш жасау үшін құраушы материалдарды табу және зерттеу;
- гидроэнергетикалық белгілеудің түтікшелі су жіберетін гидротехникалық имаратындағы қарқынды су ағыны режимінің негіздемесі.
- таулы кәсіпорындарда 1000 Вт қуатты желілерде электрқауіпсіздігінің технологиялық жабдықтарының әдістері мен құрылғыларын әзірлеу;
- энергияның қайта жаңартатын көздері негізінде энергиямен қамтамасыз етудің будандық жүйесімен энерготімді үйлердің жобасын жасау және технологиясын әзірлеу.

Энергетикалық факультеті базасында «Қазақстандық ТҮКШ модернизациялау және дамыту орталығы» АҚ мен «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ-ның арасындағы бірлескен келісімге сәйкес Энергоүнемдеу және білімді тарату орталығы құрылды.

